



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

20.10.2022 № 4 ге

**Тұрақты комиссияның
2022 жылғы 20 қазандағы
қаулысы**

**Қаланы көгалдандыруға және абаттандыруға
бағытталған бюджет қаражатын
пайдаланудың тиімділігі туралы**

Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Қаланы көгалдандыруға және абаттандыруға бағытталған бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігі туралы» ақпаратты тыңдап және талқылап, томендегіні атап өтеді.

«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ ақпаратына сәйкес, қазіргі уақытта барлық ағаштар, бұталар, көгалдар мен гүлзарлар дерекқорға енгізіле отырып, елорда аумағындағы барлық жасыл желектерге толық түгендеу жүргізілуде. Осы бағыт бойынша жұмыс 95%-ға орындалды және биылғы қазан айының соңына қарай толық аяқталады. Болашақта арнайы мобильді қосымшаның көмегімен интерактивті картада әр цифрланған ағаш бойынша оның орналасқан жерін, түрін, жасын, түгендеу нөмірін, жауапты иесін және басқа да деректерді көруге болады.

Сонымен қатар, Астана қаласы мәслихатының депутаттары (бұдан әрі – Мәслихат депутаттары) отырыс барысында көгалдандыру және абаттандыру мәселелері бойынша бірқатар ұсыныстар мен бірнеше ескертулер айтты.

Бүгінгі таңда абаттандыру және көгалдандыру бойынша функцияларды жүзеге асыратын бірыңғай оператор жоқ. Сондай-ақ аулаларды абаттандыру бойынша бірыңғай тәсіл жоқ. Өз функциялары шеңберінде тиісті жұмыстарды орындау барысында қалалық отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық, құрылыс, көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармалары белгілі бір жағдайларға байланысты аумақтарды абаттандыру жұмыстарын аяқтай алмай қалатын жағдайлар кездеседі және нәтижесінде ол жұмысты аудан әкімдіктері аяқтауға мәжбүр болады. Осының салдарынан аудан

әкімдіктері жергілікті бюджеттен қосымша ақшалай қаражат сұрайды, бұл жағдай жалпы бюджет қаражатын жұмсаудың тиімсіздігін көрсетеді.

Сонымен қатар, барлық жасыл желектерді автоматты суарумен қамту, құрағандардың орнына жас ағаш отырғызу жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ жасыл желектерді суаруға қажетті су қоры бойынша талдау жоқ. Осыған байланысты аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі қолданыстағы тетікті қайта қарау және оңтайландыру қажеттілігі туындап отыр.

Сонымен қатар, отырыс барысында Күйгенжар т.а. судың, кәріз желісінің, автобус маршруттарының жоқтығына, тұрғындары кәріз иісінен тұншығып отырған Железнодорожный т.а. проблемасына, сондай-ақ Сембинов көшесі бойындағы ашылған желілерге қатысты мәселелер қозғалды, оның салдарынан жол қазылып тасталған, яғни тиісті жұмыстар бүгінгі күнге дейін алқталмаған.

Отырысты қорытындылай келе, Мәслихат депутаттары елорда аудандарының әкімдіктері үлкен жұмыс жүргізіп жатқанын және бүгінгі күні оларға аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру бойынша барлық функцияларды кешенді түрде беру қажеттілігі туындағанын атап өтті.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Қаланы көгалдандыруға және абаттандыруға бағытталған бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігі туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ (бұдан әрі – Аппарат). Аппараттың мемлекеттік-құқықтық бөліміне:

бірыңғай операторды анықтау және аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі барлық функцияларды елорданың аудандық әкімдіктеріне беру мәселесін зерделеу;

«Астана қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ және «Астана қаласының Құрылыс басқармасы» ММ жүргізетін объектілерді, жолдарды салу жөніндегі жобалау-сметалық құжаттамалардан аумақтарды (аулаларды) көгалдандыру және абаттандыру жөніндегі мәселелерді алып тастау мәселесін қарастыру ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, «Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ:

Елорда аумағын абаттандыру қағидаларында аулаларды абаттандыруға бірыңғай тәсілді, абаттандырылған аулаларды кондоминиум объектілеріне (ПИК, МИБ) тапсыруды, аршу жұмыстарын (оларды бастау және қалпына келтіру) елорда аудандары әкімдерінің аппараттарымен келісуді кездейтін нормаларды қарастыру ұсынылсын.

4. «Алматы», «Байқоңыр», «Есіл», «Сарыарқа» аудандарының әкімдеріне, «Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану

басқармасы», «Астана қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ:

жасыл екпелер бойынша, оның ішінде қурап қалған жасыл екпелер (ағаштар) бар аумақтар бойынша, жаңа ағаштар отырғызылмаған аумақтар бойынша, автоматты суару жүйесімен жабдықталған аумақтар бойынша және тиісті қажеттілік бойынша және т. б. егжей-тегжейлі талдау ұсыну;

2020-2022 жылдары аулаларды абаттандыру бойынша жүргізілген жұмыстарға, аулаларды абаттандыруды жүргізу жөніндегі (саны мен мерзімдері) алдағы үш жылға арналған жұмыс жоспарларына қатысты ақпарат ұсыну;

аумақтарды сапалы тазалауды қамтамасыз ету, оның ішінде Республика даңғылы бойынша тазалау және жинау жұмыстарын жүргізу (қоқыс контейнерлері мен олар орналасқан жол учаскелерін тазалау);

контейнерлік алаңдар мен іргелес аумақтарды санитарлық күтіп-ұстауға, қоқыс контейнерлерін уақтылы дезинфекциялауға күнделікті бақылауды жүзеге асыру, бұзушыларға қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану;

ШОБ объектілерімен жасалған шарттарға қоқыс контейнерлерін міндетті түрде орнату туралы тармақ енгізу ұсынылсын.

5. «Астана қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ, «Астана Су арнасы» МҚК:

Күйгенжар тұрғын алабында суды сорғы станциясына қосуды 2023 жылдан кешіктірмей қамтамасыз ету;


Күйгенжар тұрғын алабында қажетті автобус маршруттарының жұмысын қамтамасыз ету;

кәріз сорғы станциясын Железнодорожный тұрғын алабынан басқа жерге көшіру мәселесін қарастыру;

Сембинов көшесіндегі желілерді ашуға байланысты жұмыстарды аяқтау ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсыну қамтамасыз етілсін.

**Астана қаласы мәслихатының
бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік
мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның
төрағасы**



В. Сергеев